

# Паспорт образовательной программы

**Дата регистрации в Реестре**

2022.07.05 17:26

**Регистрационный номер**

16527

**Дата обновления паспорта ОП:**

2022.07.05 17:26

**Код и наименование специальности:**

03220200 Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағаттану

**Код и наименование квалификации/квалификаций:**

3W03220201 Офис-менеджер

**Регион:**

Түркістан облысы

**Организация ТипПО (Разработчик):**

" №11 колледжі" МКҚК

**Партнеры-разработчики:**

Қазығұрт аудандық "Атамекен " ҰКП, "Қазығұрт аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" КММ

**Цель ОП:**

Білім алушыларды іс қағаздарын белгіленген заңнамаға сәйкес жүргізуді меңгеруге, ұйым қызметкерлерінің еңбек функцияларын орындауы үшін тиімді іскерлік ортаны, іс сапарлар мен кездесулер жүйесін ұйымдастыру жұмыстарын меңгеруге дағдыландыру.

**Уровень по НРК:**

3

**Уровень по ОРК:**

3

**Профессиональный стандарт (при наличии):**

« Кешенді әкімшілік және басқару қызметтері» Қазақстан Республикасы «Атамекен» 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 263 бұйрығының №86 қосымшасы

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):**

жоқ

**Форма обучения:**

күндізгі

**База образования:**

негізгі орта білім

**Язык обучения:**

мемлекеттік

**Общий объем кредитов:**

120

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**

12.04.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№KZ00LAA00019310

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№011

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**

30.03.2020 ж.

**Отличительные особенности ОП:**

-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин:**

№ модуля/дисциплины	Наименование обучения/Краткое описание дисциплины	Результаты Объем кредитов/часов
ЖБП 1. Математика	Функциялардың және тригонометриялық функциялардың графиктері және қасиеттерімен танысу. Тригонометриялық теңдеулер мен олардың жүйелерін және тригонометриялық теңсіздіктерді, Горнер схемасын қолданып жоғары дәрежелі теңдеулерді шығаруды үйрету. Стохастика элементтері туралы мағлұматтар бойынша білімдерін кеңейту. Алғашқы функция, анықталмаған және анықталған интеграл, қисықсызықты трапеция, n-ші дәрежелі түбір рационал көрсеткішті дәреже, логарифм, көрсеткіштік және логарифмдік функциялар ұғымдар және осы ұғымдардың қасиеттерімен танысады. Иррационал теңдеулер	8

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешуді, сонымен қатар жазық фигуралардың ауданын интеграл арқылы табуды үйренеді.	
ЖБП 2. Информатика	Дүниенің қазіргі ғылыми көрінісін құрастырудағы ақпараттық процестердің мәнін, сонымен қатар ақпараттық технология мен есептеуіш техниканың қазіргі қоғам дамуындағы ролін ашу. Технологиялық және еңбекке дайындығына үлес қосу, білім алушылардың еңбек етуіне дайындығын қамтамасыз ететін білім, білік және дағдылармен қаруландыру. Компьютерлік техниканы сауатты пайдалануға және басқа да ақпараттық, коммуникациялық технологияларды тұрмыста, күнделікті өмірде пайдалануға дайындауды қарастырады.	2
ЖБП 3. Қазақ тілі	Ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай - ақ қазақ тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. Қазақ тілі жүйесін құраушы кіші жүйелерді, тіл бірліктерін және олардың табиғатын танып біледі. Тіл бірліктерінің қарым - қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық - коммуникативтік бағдарда танып біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады. білім алушының тіл сауаттылығы	3

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым - қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.	
ЖБП 4. Қазақ әдебиеті	Әдеби шығарманың жанрлық табиғатына талдау жасау, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру. Әдеби шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығын бағалау.	3
ЖБП 5. Орыс тілі және әдебиеті	Студенттердің бойына тілдерге деген қызығушылығын, оны үйренуге құштарлығын сіңіру, жеке тұлғаның заман талабына сай өмірге икемделуіне бағыттау және оның басқа елдің тілін, мәдениетін, тарихын және әдет-ғұрпын танып білуіне ықпал ету. Оқушының сезімтал, шығармашыл, әлеуметтік, танымдық және тілдік қабілеттерінің дамуына жағдай жасай отырып, оның жалпы дамуына едәуір үлес қосу; тілді тез меңгеруге және өздерін еркін сезінуге көмек тигізу. Оқыту барысында тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдылары біртіндеп дамыту.	4
ЖБП 6. Шетел тілі	Студенттердің бойына тілдерге деген қызығушылығын, оны	4

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>үйренуге құштарлығын сіңіру, жеке тұлғаның заман талабына сай өмірге икемделуіне бағыттау және оның басқа елдің тілін, мәдениетін, тарихын және әдет-ғұрпын танып білуіне ықпал ету. Оқушының сезімтал, шығармашыл, әлеуметтік, танымдық және тілдік қабілеттерінің дамуына жағдай жасай отырып, оның жалпы дамуына едәуір үлес қосу; тілді тез меңгеруге және өздерін еркін сезінуге көмек тигізу. Оқыту барысында тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдылары біртіндеп дамыту.</p>	
ЖБП 7. Қазақстан тарихы	<p>Қазақ көшпелі өркениетінің тарихы ретінде тереңірек қарастырылады. Бұл тәсіл дүниежүзінің елдеріне өздерінің жеке ұлттық құндылықтарын меңгеру мүмкіндігін береді. Адамзат қоғамы өмірінің материалдық, рухани және саяси мәдениетінің ерекшелігі әлеуметтік ұйым, салт дәстүрлері, өнегелі істері, идеология, әдебиет пен мәдениет сияқты маңызды құндылықтарына көңіл бөлуге жағдай жасайды. Қазақстан аумағындағы қоғамның әр түрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізі мәселелері бойынша білім жетілдіру; Әлемдік тарихи үдерістегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру; Оқушылардың тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту.</p>	4

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	Рухани адамгершілік білім беру, жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу. Ізгілік педагогикасы бойынша, білім беруде жеке тұлғаны ең жоғары құндылық деп тану, оның еркіндігі мен жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесінде жеке тұлғаның танымдық және рухани қажеттіктерін қанағаттандыру және шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау.	2
ЖБП 9. Дене шынықтыру	Дене шынықтыру туралы білім, дене тәрбиесі құралдары: жеңіл атлетика, спорттық ойындар, гимнастика, ұлттық спорт түрлері, қысқы спорт түрлері, жүзу түрлерін оқып үйренеді.	5
ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Білім алушыларды отаншылдық рухқа және Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеуге бағытталған. Ол білім алушылардың төтенше жағдайларда әскери іс негіздері мен адамның өмір қауіпсіздік әрекеті бойынша білім алуына және әскери қызметтің дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.	4
ЖБП 11. Химия	Заттардың бөлшектері, атомның құрамы мен құрылысы, периодтылық және периодтық жүйе, химиялық реакциялар энергетикасы, ішкі энергия және энтальпия, термодинамикалық заң, химиялық реакцияның жылдамдығы, химия және қоршаған орта, заманауи зерттеулердегі аналитикалық әдістері, жай заттардың табиғатта таралу түрлері және алыну әдістері, көмірсутектердің түрлері мен химиялық реакциялардың	6

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жүру заңдылықтары зерттеледі.	
ЖБП 12. Физика	Білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.	6
ЖБП 13. География	Географиялық зерттеу әдістерін қолдану, сараптама жүргізу және зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсыну. АКТ қолдана отырып дерек көздердің әртүрлі базасын жасау. Статистикалық дереккөздерді талдай отырып картограммалар мен картодограммаларды құру және сипаттау. Табиғатты пайдаланудың қоршаған ортаға әсеріне баға беру және табиғатты пайдалану проблемаларын шешу жолдарын анықтау және бағалау. Жаһандық және қазақстандық деңгейдегі экологиялық проблемаларды анықтау және оларды шешудің өзіндік жолдарын ұсыну және жіктеу, зерттеу.	3
ЖБП 14. Дүниежүзі тарихы	" Өркениет даму ерекшеліктері" атты бірінші бөлімінде өркениетті даму мен оның негізгі теориялары олардың түрлері әлемдік өркениет тарихы және адамзат дамуындағы әркезеңдегі байланыстары ұсынылады. "Антропологиялық, этникалық және әлеуметтік процестер" атты екінші бөлім адам дамуымен адамзат қоғамындағы дамудың этникалық әлеуметтік және антропологиялық үрдістерін оқуға арналған.	3
БМ 1. Дене қасиеттерін	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту	2

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	дамыту және жетілдіру	және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау	
		ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру	1
	БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру	1
		ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану	1
	БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру	0.5
		ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау	0.5
		ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну	0.25
		ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру	0.25
		ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау	0.5
	КМ 1. Іс қағаздарын белгіленген заңнамаға сәйкес жүргізу	ОН 1.1. Кіріс және шығыс құжаттарын қабылдау және өңдеу.	3
		ОН 1.2. Құжаттардың дерекқорын жүргізу: одан әрі тіркеу және сақтау үшін құжаттардың дұрыс ресімделуін тексеру, сақтау мерзімдерін бақылауды жүзеге асыру, есептік құжаттарды әзірлеу,	6



Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	сақтауға жатпайтын құжаттарды жою үшін ілеспе құжаттарды дайындау.	
	ОН 1.3. Құжаттарды есепке алу, сақтау, құрылымдық бөлімшелерге беру бойынша жұмыстарын ұйымдастыру.	3
КМ 2. Ұйым қызметкерлерінің еңбек функцияларын орындауы үшін тиімді іскерлік ортаны ұйымдастыру	ОН 2.1. Қызметкерлердің қажетті тауарлар мен қызметтеріне қажеттіліктерін анықтау.	6
	ОН 2.2. Қызметкерлердің тиімді еңбек жағдайларын жасау үшін шығыс материалдарын, тауарларды, жабдықтар мен қызметтерді қамтамасыз ету.	9
	ОН 2.3. Кеңсе жабдықтарының және оған көрсетілетін сервистік қызметтің тиісті жай-күйін бақылауды жүзеге асыру.	8
КМ 3. Іс сапарлар мен кездесулер жүйесін ұйымдастыру	ОН 3.1. Қызметкерлердің іс сапарлары мен іс-шараларын қамтамасыз ету.	5
	ОН 3.2. Іскерлік қонақтарды алып жүруді және қызметкерлер мен іскер қонақтарға арналған іс-шаралардың қамтамасыз етілуін ұйымдастыру.	10
Аралық, қорытынды аттестаттау	-	6